

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.08 - 30.08.2024ж. «Ғажайыптар әлемінде»

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды далада қабылдау	<p>Балабақшадағы таңертеңгілік қабылдау мейірбикенің немесе дәрігердің балаларды профилактикалық тексеруден басталады. Олар болмаған кезде тәрбиеші балалардың денсаулығын бақылайды. Егер тәрбиеші мұқият болса, балалардың жеке ерекшеліктерін жақсы білетін болса, баланың дені сау екенін сыртқы түріне қарай анықтай алады. Әдетте, сау балалар, балабақшаға келіп, ойнай бастайды, бір-бірімен сөйлесіп, көп қозғалады.</p> <p>Егер тәрбиеші баланың жағдайы нашар деген күдік болса, ол ата-аналармен сөйлеседі, нәрестенің қалай ұйықтайтынын біледі, қандай шағымы бар және оның температурасын өлшейді. Егер ата-анасы кеткеннен кейін бала ауырса, тәрбиеші оны басқа балалардан оқшаулайды, төсекке жатқызады, болған жағдай туралы отбасы мүшелеріне хабарлайды және медициналық қызметкерді шақырады.</p> <p>Ұзақ уақыт бойы балабақшаға бармаған баланы дәрігердің немесе мейірбикенің қарауынсыз қабылдауға болмайды. Егер бала үш күннен артық балабақшаға келмесе, ата-аналар баланың сау екендігі туралы анықтама беруі керек.</p>				
Таңғы гимнастика	<p>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары кешені. "Қара жорға".</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.</p> <p>1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет</p>				

	<p>қайталау).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
<p>Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті</p>	<p>Еңбек: учаскедегі ұжымдық еңбек. Мақсат-міндеттер: ортақ іске қатысу, істі соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі,</p>	<p>Еңбек: гүлзарды жұқарту. Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді күту дағдыларын бекіту, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат</p>	<p>Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту. Мақсат-міндеттер: қопсытудың не үшін қажет екенін түсініп, жұмысты тиянақты жасауға баулу. Кезекшілік: табиғат</p>	<p>Еңбек: өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге деген қамқорлықты тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары</p>	

	оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	
	<p>«Балабақшам өз үйім»</p> <p>«Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу. (шығармашылық</p>	<p>«Бір, екі, үш - бойға жинап күш»</p> <p>Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу;</p> <p>- балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп тандатып, ойнату;</p> <p>- серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбектену; (дене шынықтыру)</p>	<p>Менің Қазақстаным</p> <p>Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу; «Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдынала әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол</p>	<p>Конституция күні</p> <p>Адалдық, достық, тәртіп туралы әңгімелесу;</p> <p>- аталған тақырыпта балаларға ойын жағдаяттарын құру және оны дұрыс шешуге бағыттау;</p> <p>- байрақтың дайын бейнесін жұмсақ қағаз қиындыларымен безендіру; «Айбары асқақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы</p>	

	<p>іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Қимылды ойын «Қуып жет» Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты.</p>	<p>«Бәйге» ұлттық ойынын ойнату. (дене шынықтыру)</p> <p>Қимылды ойын «Аралар» Мақсат-міндеттер: сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Ойдан сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Ойын шарты. Бір топ бала қол ұстасып, шеңбер жасап тұрады да үш - төрт бала ортаға шығады. Олар аралар: Баудағы кім? Ара болсаң, ызында, 3, 3, 3, 3, 3, 3, 3, 3..... Жұмыс істе тығылма. Аралар бір - бірімен сөйлесе бастайды. Қандай жұмыс түрін көрсететіндері</p>	<p>материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп таңдату. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты.</p>	<p>Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p> <p>Қимылды ойын «Ұшты - ұшты» Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуге үйрету. Ойын шарты. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды. Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.</p>	
--	--	---	--	--	--

	<p>Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:</p> <p>Айгөлек - ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Осы топтың ішінен, Анар атты қыз (Асан атты ұл) керек - деп шақырады.</p> <p>Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту керек.</p> <p>Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады.</p> <p>Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді.</p> <p>Олай болса, бұл</p>	<p>туралы кеңеседі.</p> <p>«Жұмыс істе, тығылма»- деген сөзді естіген кезде тоқыма тоқығандай, ағаш жарғандай, ағаш аралағандай қимыл - қозғалыстар жасайды.</p> <p>Балалар осылай әндетіп, аралардың қимылын қайталайды.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.</p> <p>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p> <p>(таным іс-әрекет)</p> <p>"Арқан тарту"</p> <p>Ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай</p>	<p>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.</p> <p>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.</p> <p>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.</p> <p>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.</p>	
--	---	--	---	--	--

	баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін аңғарамыз. (дене шынықтыру)		ойнауға дағдыландыру; күш-жігерін дамыту, шыдамдылыққа, батылдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі ұшынан ұстап, белгіленген меже бойынша күш сынасып тартысады. Берілген межеден асып кеткен топ жеңіледі. Оларды өздеріне тартып алған топ мәреге жетеді. Сөйтіп ойын кезекпен жалғасын табады. (дене шынықтыру)		
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты	

	залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	
Таңғы асқа дайындық	Нанға майды пышақпен жағу дағдыларын бекіту.	Балаларда мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет ету, үстелге дұрыс отыруды дағдыға айналдыру, ас құралдарын дұрыс пайдалану.	Балаларды үстел үстінде өзін дұрыс ұстауға, ұқыпты тамақтануға үйрету, басқа балаларға кедергі жасауға болмайтынын, ересектердің рұқсатынсыз үстелден тұруға болмайтынын түсіндіру.	Тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру.	
Таңғы ас	Көркем сөз Екі қоян отырып, Сыр айтады	Көркем сөз Сикырлы ғой қасығым,	Көркем сөз Мүйізді ешкі келеді, Балаларға ереді.	Көркем сөз Денемді таза ұстап, Шомыламын	

	жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	Сүт ботқаны жемесең, Келіп сені сүзеді. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Күннің шуағы" Мақсат-міндеттер: Балаларды арақашықтығы 40 см кұрсаудан келесі кұрсауға бір аяқтап секіру; гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу ""Өзімшілдің өкініші" Салиха Сәмбетова" Мақсат-міндеттер: Балаларда кейіпкерлерге және олардың іс- әрекеттеріне өз ойларын айта білу; басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту; сөздік қорларын молайту;	Қоршаған ортамен танымалдан ойын- жаттығу "Менің достарым" Мақсат-міндеттер: Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге тәрбиелеу. Балаларды достыққа, бірлікке, тат улыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту. Сурет салудан ойын-жаттығу "Қанқыздары бар	Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығу "Тату доспыз бәріміз. (әңгіме құрату)" Мақсат-міндеттер: «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру; ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту; өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік беру; бір бірімен тату, дос	

	<p>жүру іскерліктерін жетілдіру; балаларда сап түзеуден төрт қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамыту.</p>	<p>достыққа, татулыққа тәрбиелеу; жақсы және жаман іс-әрекеттерді бір-бірінен ажырата алу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Балапан" әні Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық</p>	<p>түймедақтар алаңқайы (панорамды ұжымдық жұмыс)" Мақсат-міндеттер: Балалардың түрлі сурет салу тәсілдері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру; гүлді алаңқайдағы қанқыздың бейнесін мәнерлі сала білуге үйрету; акварель мен балауыз қарындаштарымен жұмыс жасау дағдыларын бекіту; ұсақ қол моторикаларын, көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; табиғаттың сұлулығын сезінуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p>болуға тәрбиелеу.</p> <p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Тату балалар" дене мүшелерін орналасуын, қозғалысының бағытын сақтай отырып адамды мүсіндеу. Мақсат-міндеттер: Дене мүшелерінің, киімнің формасын сақтай отырып, адамды мүсіндеуді үйренуді бекіту; ұсақ бөлшектерді - көз, қас, ерін мүсіндеуді үйрену; алдыңғы сабақтарда үйретілген бөлшектерді қосу, жапсырылған жерді тегістеу тәсілдерін үйренуді бекіту; өз сезімдерін жеткізуді, достық туралы</p>	
--	---	--	---	--	--

		сенсорлық қабілеттерді дамыту.		ойлауды кеңейту, балалардың мейірімділігі туралы түсінігін кеңейту.	
Серуенге дайындық	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).</p> <p>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.</p> <p>Серуендеуге дайындық.</p> <p>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.</p> <p>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.</p> <p>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.</p> <p>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.</p>				
Күндізгі серуен	<p>Жолжелкенді бақылау</p> <p>Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру.</p> <p>Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік</p>	<p>Көлік түрлерін бақылау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға көлік туралы жалпы мағлұмат беру.</p> <p>Көлік түрлерімен таныстыру.</p> <p>Балалар қандай көлік түрлерін білесіңдер?</p> <p>Сендерде қандай көлік түрлері бар?</p>	<p>Арнайы көліктерді бақылау</p> <p>Мақсат-міндеттер: арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын молайту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Үлкен болдым десем де,</p> <p>Ешкім маған</p>	<p>Тастарды бақылау</p> <p>Мақсат-міндеттер: тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Балаларға сұрақтар.</p>	

	<p>қасиеті туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі - Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкіімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен</p>	<p>Және де жеңіл көліктер, ауыр көліктер болып бөлінеді. Жеңіл көліктерге: кішкене машиналар; Ауыр көлік түрлеріне: үлкен машиналар жатады. Мысалы: трактор, комбайн, камаз, маз, касемсот. Сонымен қатар әуе жолымен жүретін көліктер де бар. Оларға: ұшақ, тік ұшақ, зымыран т. б жатады. Оларға керектенетін жанармайлар: бензин, соляркалармен т.б. сол сияқты. Көркем сөз «Тракторшы» - Папа, мен де тракторшы, Моторымды бұрап</p>	<p>сенбейді. «Жалғыз жүрме көшеде, Кішкентайсың сен»- дейді. Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын. Сұрақтар. - Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?(«Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.) Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.) - Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге</p>	<p>- Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай? - Өлі табиғатқа нелер жатады? - Тастардың қандай түрлері болады (үгілмелі, қатты) - Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит) - Қатты тастарды атаңдар? - Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\ - Неге? (ол жұмсақ, жұғады) - Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі) - Көмір не үшін керек? (отынға) Асыл тастар деген не? (қымбат тастар) - Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай</p>	
--	---	---	---	---	--

	<p>маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиканға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. Балаларға сұрақтар: - Мамыр айын</p>	<p>берші; Кәне, келші жәрдем ет,- деп,- Оталғышты тарттым ептеп. Тракторым тыр - тырлады, Түгін шықты бұрқылдады; Сонша болмай гүрілдеттім Жер жыртуға жүріп кеттім. "Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа,</p>	<p>көмектесу үшін.) - Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә) - Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.) - Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіру және милиция.) Еңбек: тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты.</p>	<p>жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.) Зерттеу жұмысы Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) Еңбек: ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге үйрету, шығармашылық қиялын дамыту. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре</p>	
--	---	--	---	---	--

	<p>халықта қалай атайды? (шешек айы)</p> <p>- Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар)</p> <p>- Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)</p> <p>- Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)</p> <p>- Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (жолжелкен)</p> <p>- Оны неге олай атаған?</p> <p>- Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?</p> <p>Зерттеу жұмысы</p>	<p>шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын шарты.</p> <p>Балалардың ішінен бірін "қасқыр" етіп сайлайды, қалғаны "акку-қаздарды" сомдайды.</p> <p>"Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың бірі болып, ойынды жүргізу мүмкін.</p> <p>Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді:</p> <p>- Акку-қаздар! (Ға-ға-ға)</p> <p>- Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!)</p> <p>- Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!)</p> <p>Құсшы:</p> <p>- Суға ұшып келіңдер!</p>	<p>Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.</p> <p>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.</p> <p>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.</p> <p>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.</p> <p>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап</p>	<p>біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру.</p> <p>Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра</p>	
--	--	--	---	---	--

	<p>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.</p> <p>Еңбек: ойын алаңын тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Айгөлек ойыны кең</p>	<p>Ошаққа абайлап жетіңдер!</p> <p>Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді!</p> <p>"Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-қаздар", "қасқырға" көмектеседі.</p> <p>Сөйтіп, аққу-қаздар азайып біткенше, ойын жалғасады.</p> <p>Еңбек: үйдегі көліктерін жуу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ата-аналарына қолқабыстарын тигіздіре отырып, жинақы болуға тәрбиелеу.</p> <p>"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>қалса, ойын жалғаса береді.</p> <p>Қимылды ойындар «Аюлар мен аралар», «Допты бер».</p> <p>Мақсат-міндеттер: гимнастикалық қабырғамен аяқты алмастыра отырып өрмелеу, допты лақтыруға және қағып алуға жаттықтыру.</p> <p>Жаттығу ойындары.</p> <p>Секіргіш жіппен секіру жаттығулары.</p> <p>Мақсат-міндеттер: алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.</p> <p>Мақал: "Сақтықта қорлық жоқ".</p>	<p>қалып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p>"Күркеге кім бұрын жетеді?" қимыл-қозғалыс ойыны.</p>	
--	--	--	--	---	--

	<p>алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады: Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді.</p>	<p>қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Еркін ойындар.</p>		<p>Мақсат-міндеттер: берілген белгі бойынша жылдам жүгіруге жаттықтыру, жеңіске жетуге деген ынталарын арттыру. Жаттығу ойындары: қозғалысты дамыту. Мақсат-міндеттер: допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «Жазғы табиғат» Мақал-мәтел Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.</p>	
--	---	--	--	--	--

	<p>Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Шолпан атты қыз керек,- дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді. Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады.</p>				
--	--	--	--	--	--

	<p>Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.</p> <p>Қимылды ойын «Бәйге».</p> <p>Мақсат-міндеттер: жеңіске деген күштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойыны: дыбыстар арқылы жүру</p> <p>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.</p> <p>Мақал-мәтел Дана көптен, дәрі шөптен. Құнарлы шөп,</p>				
--	--	--	--	--	--

	қосымша сүт.				
Серуеннен оралу	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бірбіріне көмектесуге баулу.</p> <p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; <p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.</p>				
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу	

	арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	
Түскі асқа дайындық	Гигиеналық дағдылар Ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне күтім жасау әдетін тәрбиелеу.	Гигиеналық дағдылар Қатты ет өнімдерінің бөліктерін кесуді үйрену.	Гигиеналық дағдылар Дұрыс жуу дағдыларын бекіту үшін: көбік алынғанша сабындау, шаю, құрғатып сүрту; қол орамалды уақытында қолдану қабілеттерін дамыту.	Гигиеналық дағдылар Өз бетінше және ұқыпты тамақтана білуге, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға, қасықты оң қолына ұстай білуге тәрбиелеу.	
Түскі ас	Көркем сөз Дастарханға барамыз, Қасықты қолға аламыз. Төкпей-шашпай тамақты, Аузымызға саламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Көркем сөз Ыстық құймақ пісірдім, Төрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып ижедім қаймағын. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Көркем сөз Бесін астың кезі келді, Дастарханға отырдық. Түзу ұстап денемізді, Ас ішейік отырып. Тамағыңды аландамай, Төгіп алма! Дұрыс іш!	Көркем сөз Құстар келді далаға, Бақтың ішін аралап. Не береміз Ваняға, Дәмді тамақ қалай ма? Бірі ботқа сұрады, Екіншісі айранды. Үшіншісі сүт сұрап, Бірі бәліш қалады. Тойып алып тамаққа,	

			Дастарханда көп сөйлемей, Отырамыз тып-тыныш. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Тыныш тапты бағана. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық ты сақтау.				
Ұйқыдан тұру	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).				
Бесін асқа дайындық. Бесін ас.	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру. Мақсат-міндеттер: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу, - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	"Кім тез жинайды" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: көкөністер мен	"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау	"Тез жауап бер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: түстерді, пішіндерді,	"Дыбыстар қайда орналасқан" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:	

	<p>жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарты. Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады. Ойынды топта я болмаса</p>	<p>қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, «Жер» деген кезде - жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде - суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде - ұшақ түрлерін, құстардың аттарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды. Қимылды ойын: "Орамал". Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын</p>	<p>сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру. Ойын шарты: Балалар шеңберде тұрады, допты кім қағып алады сол бала заттың аты мен түсін айтып допты келесі балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл, «ағаш»- отырғыш, «тас»- ұй, «темір»- қасық т. б. Ойынды үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі, үш сөзбен жауап беруге болады. Қимылды ойын «Қойлар мен қасқыр». Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай</p>	<p>дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Ойын шарты. Үш сандықша жасалынады. Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс аяғында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады. Қимылды ойын: "Шырмауық". Мақсат-міндеттер: балаларға ойын шартын түсіндіру. Ойынды аяғына дейін тиянақты ойнауға үйрету.</p>	
--	--	---	--	---	--

	<p>аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.</p> <p>"Итеріспек"</p> <p>қимылды қазақ халық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалу, бір аяғынан секіру, жылдамдық, ептілік қабілеттерін дамыту. Үлкен шеңбер сызылған. Бір аяғымен секіріп тұрған балалар бір-бірін шеңберден шығарады. Екінші аяғын жерге тигізсе жеңіліс болып саналады.</p>	<p>арттыру.</p> <p>Ойын шарты. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға</p>	<p>бірлесіп ойнауға, бірлікке, достыққа тәрбиелеу. Ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>Ойынға қажетті құралдар: ағаш ат немесе резеңке ат, қамшы.</p> <p>Ойын шарты. Қойшы қойларды өрісте бағып жүреді, ал қойлар алаңсыз жайылып жүреді. Кенет аш қасқыр жақындап келіп қалады. Қасқырды байқап қалған қойшы: қойларым, қашындар, аш қасқыр! келіп қалды дегенде қойлар аш қасқырдан қашулары керек. Ал қойшы қойларын аман алып қалу үшін, атымен шауып, қолына қамшысын алып</p>	<p>Ойын шарты. Санамақ арқылы балалардың ішінен бір бала алынады. Ол бала шырмауықты шешкіш. Ал басқалары шеңбер бойымен тұрады да бір - бірінің қолдарын жібермей, қолдарының астынан олай - бұлай өтіп шырмала бастайды. Сөйтіп балалар шырмалып біттік дегенде, шырмауықты шешуші келіп шырмалған балаларды шешуі керек. Шеше алмаса айыбын өтейді. сөзді сандықшаларға салады.</p>	
--	---	---	---	--	--

		орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.	қасқырды қуады. Қасқырды қойшы соғып алса, қойшы қасқырға ән, бй билетеді. Ал қасқыр қойларды ұстап алса ұсталған қой ойыннан шығарылады.		
Серуенге дайындық	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру(мақалмәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).</p> <p>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.</p> <p>Серуендеуге дайындық.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. 				
Серуендеу	Торғайларды бақылау Мақсат-міндеттер: торғай туралы білімдерін тиянақтауды	Жаяу адамдарды бақылау Мақсат-міндеттер: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін	Гүл егілген алаңқайды бақылау . Мақсат-міндеттер: гүлді дән себу арқылы екен кезде,	Ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттер: ауа райының бақылай білуге, күннің бұлттануына	

	<p>жалғастыру; күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру. Бақылау барысы Көркем сөз Қалатындай қикылдап, Әдетінді білемін, «Шиық, шиық» еттің шикылдап Дайын асқа ортақсың Шашып берген жемімді Торғай, торғай торғайым, Жейсің сонша қикымдап, Сені әркез қорғаймын Қорқақсың-ау, қорқақсың, Қыстың қамын жаз ойлап, Еңбек десе</p>	<p>бөлігі туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта! Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді. - Жаяу жүргінші жолдың қай</p>	<p>егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз Кешкілік пе, күндіз бе, Үзіп алсаң сен бір гүл, Өсіп тұрған гүлді үзбе. Үзіп алсам мен бір гүл, Туған жерді далаға, Не қалады сиқынан, Тастағалы жүрміз бе? Қызыл-жасыл жердің бұл Жайнап өсіп далада,</p>	<p>қарап жаңбыр жаууы мүмкін екендігін болжауға үйрету. Бақылау барысы Көркем сөз «Найзағайлы нөсер» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада көлкіп қақ қалды. Нақыштап жатыр сәулемен, Найзағай экран аспанды. Нұрлана түсті жасыл бақ, Нәрлене түсті атырап. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Балаларға сұрақтар - Жаңбыр неден пайда болады? - Жаңбыр жауарда бұлт қандай болады?</p>	
--	--	---	--	--	--

	<p>шорқақсың. Бәріне де бол дайын! Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді. - Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.) - Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке кара жолақтары бар) А-л қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-кара- қоңыр, қанаттары да кара-қоңыр, жирен түспен жиектелген) - Ал басының түсі қандай? (Сұр) - Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.) - Ия, олар әркез</p>	<p>бөлігімен жүруі керек? (тротуармен) Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек. - Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер? - Дұрыс айтасындар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған. Еңбек: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды</p>	<p>Көздің жауын ала ма. Бірде – бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға. Гүл біздің өмірімізге қуаныш сыйлайтын әдемілік әлемі. Қатар-құрбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз. Мерекелерде аналарымызды қуанту үшін гүл ұсынамыз. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз. Үйде, аулада гүл өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін күтіп, баптау кезінде өзіміз қандай керемет әсерде боламыз десеңші! Зерттеу жұмысы</p>	<p>- Жаңбыр неге керек? - Қандай жаңбыр түрлері естеріңде бар? (ақ жаңбыр, сылбыр жаңбыр, нөсер жаңбыр, найзағайлы жаңбыр) Зерттеу жұмысы Ауа-райын бақылау. Аспандағы бұлтқа назар аудару. Жаңбыр болуы мүмкін бе? Болса қандай болуы мүмкін? Халық болжамы - Жаз жаңбырлы болса - қыста қар мол болады, әрі аязды болалы. - Жаңбыр болар алдында карлығаштар төмен ұшып жүреді. - Қарлығаш жер бауырлап ұшса, жаңбыр болады. Еңбек: құмсалғыш</p>	
--	--	---	---	--	--

	<p>адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жыртқыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)</p> <p>-Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады.</p> <p>- Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.)</p> <p>Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен? Адамдар</p>	<p>жинау, түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Бағдаршам».</p> <p>Мақсат-міндеттер: бағдаршам маңызы туралы білімдерін бекіту, ептіліктерін дамыту.</p> <p>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру;</p>	<p>Балалармен гүл егілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін қарау. Дәннен кішкентай ғана жапырақ, одан өскін, одан гүл өсіп шығатынын түсіндеру. Әр гүлдің жапырақтары мен сабақтары арасындағы айырмашылықты қарау.</p> <p>Еңбек: балалармен гүл егілген алаңға сусепкішпен су себу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбексүйгіштікке баулу, жас гүлдерді суды себу арқылы суғаратынын көрсету.</p> <p>Қимылды ойын «Ақ серек-көк серек»</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>айналасына шашылған құмдарды, алаңға алып шыққан құралдар мен ойыншықтарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: жинақылыққа, тазалыққа баулу. Өздеріне қажетті заттарға мұқият болуға тәрбиелеу.</p> <p>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p>	
--	---	---	---	---	--

	<p>кұстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек) Жазда, күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)</p> <p>Еңбек: ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай</p>	<p>достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына</p>	<p>бірлесе ойнауға, ойын шартын сақтауға баулу.</p> <p>Жаттығу ойындары «Волейбол ойыны»</p> <p>Мақсаты: бір-біріне доп беру, кері лақтыру.</p> <p>Болжам: гүлдердің иісі одан сайын аңқып шықса, жауын жауады.</p>	<p>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.</p> <p>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p> <p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:</p> <p>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?</p> <p>"Бояушы":</p> <p>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім.</p>	
--	--	---	---	--	--

	<p>қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады. Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар</p>	<p>тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.</p>		<p>Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды</p>	
--	--	--	--	---	--

	<p>мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді.</p> <p>"Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.</p> <p>Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды".</p> <p>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.</p> <p>Екінші нұсқасы.</p> <p>Ойын динамикасын жетілдіру</p>			<p>сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.</p> <p>"Ұшты - ұшты" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.</p> <p>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.</p> <p>Ал, егер ұшпайтын</p>	
--	--	--	--	--	--

	<p>мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.</p> <p>Қимылды ойын «Құстардың ұшуы». Мақсат-міндеттер: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету. Жаттығу ойындары «Жалауды құлатпа» Мақсат-міндеттер: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру.</p>			<p>зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды. Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады. Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.</p>	
Кешкі ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Сіздің балаңыз мектепке дайын ба? Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналары мектеп бала үшін өте маңызды, бетбұрыс кезең екенін түсінуі керек. Көп ойнауға, қозғалуға дағдыланған бала ұзақ уақыт партада отыруға мәжбүр. Демалу мен серуендеу уақыты				

	<p>күрт қысқарып, эмоционалдық стресс күшейеді. Бірінші сынып оқушысы жаңа топқа, мұғалімнің талаптарына, ыждағаттылықпен және мақсатты түрде жұмыс істеу қажеттілігіне үйренуі керек.</p> <p>Жеті, алты жасар балалар үшін бұл өте үлкен жұмыс. Баланың барлық қиындықтарды жеңе алуы үшін барлық дене жүйелерінің белгілі бір жетілуі қажет. Мұның негізінде денсаулық жатыр. Ауру, әлсіз, тез шаршаған бала мектепте үлкен қиындықтарға тап болады. Балаңыздың денсаулығын сақтау ата-аналардың басты мақсаты және міндеті. Оны бұзу оңай, бірақ қалпына келтіру, түрлі бұзушылықтардан құтылу өте қиын.</p>
--	---